

Өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және жою орнын айқындау туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Сәтбаев қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 28/12 қаулысы. Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 желтоқсанда N 8-6-92 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 2021 жылғы 6 желтоқсандағы № 88/01 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Сәтбаев қаласының әкімдігінің 06.12.2021 № 88/01 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 288 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің 2009 жылғы 26 қаңтарда берген N 00054645 қоршаған ортаға эмиссияға рұқсаты негізінде Сәтбаев қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТТІ:**

1. Бұрынғы Златоуст-Беловский карьерінің аумағында орналасқан жалпы көлемі екі гектар жер телімі өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және жою орыны болып айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары Қ.А. Шайжановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сәтбаев қаласының әкімі

С.Т. Медебаев

"Келісілді"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігінің

Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық

комитетінің Қарағанды облысы

бойынша департаментінің

"Сәтбаев қаласы бойынша

мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық

қадағалау басқармасы"

мемлекеттік мекеменің бастығы

Б.М. Құндақбаев

Қазақстан Республикасының

қоршаған ортаны қорғау
Министірлігінің Нұра-Сарысу
экология Департаментінің бастығы

Б.А. Смағұлов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК